

**Түркістан облысының білім басқармасының «№8 колледж» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық
КӘСІПОРНЫ**

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Ленгер к.

17.05.2024 ж.

Түркістан облысының білім басқармасының «№8 колледж» МКҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың ішкі талдауы «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсанындағы №986 Жарлығына, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазанындағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы:

№	Аты-жөні	Лауазымдық міндеті
1	Халиков Нуркен Сатыбалдиевич	Директордың ОӘЖЖ орынбасары
2	Естаев Алмас Койшыбаевич	Директордың ТЖЖ орынбасары
3	Серікбай Сағындық Серікбайұлы	Бөлім меңгерушісі
4	Акжигитова Мендигуль Арыстановна	Директордың ОӘЖЖ орынбасары
5	Бейсен Салауат Нұранұлы	Комплаенс - офицер

Мемлекеттік орган ережесіне сәйкес, Кәсіпорын қызметіне және оған байланысты нормативті-құқықтық актілерге тиісті мына қызмет талданды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясын;
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңды;
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары;
4. Қазақстан Республикасының «білім туралы» заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге бонустар төлеу қағидалары»;
5. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ЗРК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы»;
6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2016 жылғы 28 қазандағы №27 бұйрығына бекітілген «Мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадрдағы іс қағаздарын жүргізу құжаттарының үлгілік нысандарын бекіту туралы».

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты:

- 1) Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау;
- 2) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлар мен педагогтардың ауысуы;
- 3) Мүдделер қақтығысын реттеу;
- 4) Басқару және бақылау функцияларын іске асыру;

Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2023 жылдың 07 тамызынан 2024 жылдың 17 маусымына дейін.

1.Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау:

«№8 колледж» МКҚК бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлау және тәрбиелеу саласындағы кәсіби-техникалық даму талаптарына сәйкес оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін арттыруды жүзеге асырады. Бәсекеге қабілетті және зияткерлік тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін сапалы білім беру қызметтерін ұсыну үшін оқытудың тиімді жағдайларын және басқару жүйесін құруды міндет етеді.

2.Персоналды басқару, соның ішінде кадрлармен педагогтардың ауысуы, жұмысқа қабылдау, сыйақы беру тәртібі:

Кәсіпорында штат саны 157,24 болып бекітілген:

Мемлекеттік 114 қызметкер қызмет атқарады. 5 бөлім (*әкімшілік, оқытушы, шеберлер, техникалық қызметкерлер*) жұмыс жасайды.

1. Әкімшілік және техникалық қызметкерлер-65.
2. Оқытушылар-57,74.
3. Өндірістік оқыту шеберлері-34,5.

Кәсіпорын да әр қызметкерге лауазымдық міндет жүктелген. Қызметкерлер лауазымдық міндетке сәйкес жұмыс атқарады. Жұмысшы топпен кәсіпорын қызметкерлердің туыстық немесе басқада қатынастары бойынша ішкі талдау жұмыстары жүргізді. Нәтижесінде теріс өкілеттіліктер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын құқық-бұзушылықтар орын алмаған.

2.1 Жұмыстан босатылған қызметкерлер:

2023-24 оқу жылының қорытындысымен қызметкерлер өз еркімен жұмыстан шыққан, әкімшілік бастауымен жұмыстан босатылған қызметкерлер анықталмады.

Қызметкерлерді жұмыстан шығаруда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

2.3 Тәртіптік жаза алған қызметкерлер туралы:

Тәртіптік жаза алған қызметкерлер 2023-24 оқу жылының қорытындысымен 7-бұйрық тіркеліп 20-қызметкер тәртіптік жазаға тартылған. Негіздері лауазымдық міндеттеріне немқұрайлы қарағаны себепті.

Қызметкерлерге тәртіптік жаза қолдану барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

2.4 Жұмыс берушінің қызметкерлерге қолдау көрсету шаралары туралы (сыйақы, материалдық көмек және т.б):

1. «№8 колледж» МКҚК 2023-24 оқу жылында 4–сыйақы бұйрығы, кезектен тыс кәсіподақ ұйымы отырысының хаттамасы негізінде тіркелген.

1.1 2023 жылдың 24 қазанында Республика күніне орай педагогтермен педагогтерге теңестірілген қызметкерлердің жұмыс нәтижелерін көтермелеу, ынталандыру мақсатында 23 қызметкерге сыйақы берілген;

- 1.2 2023 жылдың 27 желтоқсанында жылдың қорытындысы бойынша үнемделген қаржы есебінен сыйақы ретінде бөлініп берілген;
- 1.3 2024 жылдың 04 сәуірінде 22-наурыз мерекелік бағдарламасына белсене қатысқаны 21 қызметкерге сыйақы берілген;
- 1.4 2023 жылдың 24 қазанында «WorldSkills Turkistan-2024» облыстық чемпионатында жоғары кәсіби шеберлігі мен біліктілігін іс жүзінде көрсеткені және кәсіби бағдар беру жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізгендері үшін теңгеден сыйақы берілген;

2.Кезектен тыс кәсіподақ ұйымы отырысының хаттамасы негізінде материалдық көмек беру туралы 4-бұйрық тіркелген.

- 2.1 2023 жылдың 12 желтоқсанында еден жуушы А.Ысқақтың өтінішімен жас нәрестесінің шетінеуіне байланысты 1 айлық көрсеткіште материалдық көмек көрсетілген;
- 2.2 2024 жылдың 10 қаңтарында Б.Беркімбаевтың өтініші негізінде анасының қайтыс болуына байланысты 1 айлық көрсеткіште материалдық көмек көрсетілген;
- 2.3 2024 жылдың 20 ақпанында Н.Нурлыбековтың әкесінің қайтыс болуына байланысты 1 айлық көрсеткіште материалдық көмек көрсетілген;

Жұмыс берушінің қызметкерлерге қолдау көрсету шаралары туралы негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

2.6 Мемлекеттік конкурспен қызметкерлер қабылдау бойынша:

Жалпы жұмысқа қабылданғандар саны-34 қызметкер.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ЗРК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Заңы негізінде конкурс жарияланып педагогтер және педагогтермен теңестірілген 15 педагог қабылданған.

Кәсіпорында қызметкерлерді конкурстық іріктеуді жүргізбей лауазымға тағайындау орын алмаған.

Қорытынды: 1. Мекеме бұйрықтарында негіздемелер көрсетілмеген.

2.Мекеме бұйрықтарында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің талаптары сақталмаған.

3.Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған.

2.7 Мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден түзілген шарттар:

1. Кәсіпорындар "Garant Consulting LTD" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен түзген № 080240018608/240001/00 2024-01-17 Келісімшарт соммасы 55 000.00 теңгені құрайды.
2. Кәсіпорындар "Қазақтелеком" акционерлік қоғамымен түзген № 080240018608/240007/00 2024-02-01 Келісімшарт соммасы 119 580.00 теңгені құрайды.
3. Кәсіпорындар "ӘділетGroupSecurity" Жеке күзет іздестіру агенттігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен түзген № 080240018608/240008/00 2024-01-31 Келісімшарт соммасы 392 000.00 теңгені құрайды. (Төмендегі көрсетілген негізге байланысты Мемлекеттік сатып алу туралы заңына сәйкес түзілген)

Негізі: Конкурс жүргізілген уақытта, конкурс жеңімпазы анықталған уақытқа дейін Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39 бабының 3 тармағының 50 тармақшасына сәйкес «егер мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішіндегі қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті

осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жүзеге асырылатын жағдайда, мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілікті осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса, жүзеге асырылады» заңы негізінде және осы заңға сәйкес 2 айға дейінгі уақытқа шарт түзілген.

3. Мүдделер қақтығысын реттеу:

1. Өдеп.
2. Тәртіптік
3. Келісім комиссияларының негізінде мүдделер қақтығысы орын алмаған.

4. Басқару және бақылау функцияларын іске асыру:

1. Жарғы
2. Персоналды басқару жүйесі.
3. Сандық сапалық құрамы.
4. Педагогикалық кеңестің шешімімен «Ішкі тәртіп ережесі».
5. Кәсіподақ ұйымының «Ұжымдық шарты».
6. Мамандығы мен диплом бойынша сәйкестендіру комиссиясы негізінде қызмет атқарады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Колледж директоры



Н.Калиева

Орындаған: С.Бейсен
+7 (702) 635 4921